

Суаратын суды пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 29 мамырдағы № 101-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 маусымда № 36208 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 23-бабы 1-тармағының 38) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Суаратын суды пайдалану қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Тарифтік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық 2025 жылғы 10 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрінің м.а.*

Е. Ибрайханов

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрінің м.а.
2025 жылғы 29 мамырдағы
№ 101-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Суаратын суды пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Суаратын суды пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 23-бабы 1-тармағының 38) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Кодекс) әзірленді және суару суын пайдалану тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) суды пайдалану жоспары – суармалы егіс алқаптарының құрылымын, ауыл шаруашылығы дақылдарын суару режимдерін және ирригациялық желілердің техникалық сипаттамаларын ескере отырып, су тұтынушыларға суармалы су беру көлемін, тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

2) суды есепке алу аспабы – реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынуды коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

3) су тұтынушы – су беру бойынша су шаруашылығы ұйымдарының немесе су пайдаланушылардың көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын не ортақ су пайдалану тәртібімен су объектілерінен су тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

4) қосалқы тұтынушы – су тұтынушының инженерлік желілеріне тікелей қосылған тұтынушы;

5) өлшеу құралы – өлшеуге арналған және метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал;

6) су тұтынудың үлестік нормасы – өндірілетін өнімнің бірлігіне тұтынылатын судың белгіленген мөлшері (орындалатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің белгілі бір көлеміне);

7) тариф – реттелетін қызмет құнының ақшалай көрінісі;

8) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі;

9) уәкілетті органның ведомствасы – Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті және бассейндік су инспекциялары;

10) суаратын суды беру қызметтері (бұдан әрі – Қызметтер көрсету) – суды сутартқыштар (каналдар, құбыржолдар) арқылы тасымалдау мен бөлу және оны су пайдаланушыларға, оның ішінде суару үшін беру;

11) су пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығын иеленетін және оны іске асыратын жеке немесе заңды тұлға;

12) бөлу орны – су пайдаланушыдан су тұтынушыға су ресурстарын беру орны;

13) шаруашылық ішілік суару жүйелері – бір суару каналынан немесе оның бөлінген нүктесінен сумен қамтамасыз етілетін екі және одан да көп жер пайдаланушылардың немесе жер учаскелерінің меншік иелерінің ауыл шаруашылығы учаскелерін суару үшін су ресурстарын пайдалануды реттеуге арналған гидротехникалық құрылыс жайлар ;

14) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – тараптардың келісімімен белгіленетін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін міндеттер (

оларды пайдаланғаны үшін жауапкершілік) белгісі бойынша бөлу шегі. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиесілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

15) баланстық тиесілікті бөлу шекарасы – иеленушілер арасында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша бөлу шегі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де анықтамалар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 22.08.2025 № 210-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Суаратын суды пайдалану тәртібі

3. Суармалы егіншілік үшін су беру жөніндегі қызметтерді көрсету Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, су тұтынушылар мен су пайдаланушылардың арасында жасалатын Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарымен Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 59-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 35972 болып тіркелген), су пайдалану жоспарларын (бұдан әрі – жоспарлар) және су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін ескерумен жүзеге асырылады.

4. Су тұтынушылар жоспарларды құру кезінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес әзірленетін ауыл шаруашылығы дақылдарын кезектестіру (ротациялау) схемаларын ескереді.

5. Су пайдаланушылар түзетілген жоспарлар негізінде бассейндік су инспекцияларына су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін (лимитін) алуға жыл сайынғы өтінімдер береді. Бассейндік су инспекциялары Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жасайтын жылдың сулы болу болжамын және Кодекстің 40-бабын, сондай-ақ су пайдаланушының су ысырабын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын ескере отырып, су пайдаланушыға тиісті жылға су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін (лимитін) белгілейді.

6. Кодексте көзделген негіздер бойынша белгіленген су пайдаланудың рұқсат етілген көлемі өзгерген жағдайда, су пайдалану жоспарлары түзетіледі және су пайдаланудың жаңадан белгіленген рұқсат етілген көлемдеріне (лимитіне) сәйкес кетіріледі.

Су пайдаланушылар мен су тұтынушылар түзетілген су пайдалану жоспары негізінде, су тұтынушылардың су ысырабын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын

орындауына байланысты суаратын су беру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

7. Шарт су тұтынушылармен жеке тәртіппен жасалады.

Шарт жасаспай қызмет көрсетуге жол берілмейді.

8. Шарт жасасу үшін құжаттарды абоненттік (шарттық) бөлімдердің мекенжайлары мен олардың жұмыс режимін көрсете отырып, "бір терезе" қағидаты бойынша су пайдаланушының кеңсесі немесе шарттық бөлімі (өндірістік учаске немесе филиал) қабылдайды.

9. Шарт жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) заңды тұлғалар үшін:

осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес өтініш;

су тұтынушының тұтынатын қондырғыларын реконструкциялауға немесе кеңейтуге байланысты және бұрын қолданыстағы техникалық шарттарға сәйкес келмейтін объектіні қосуға, бұрын қосылмаған объектіні желілерге қосуға, сыртқы жабдықтау схемасын өзгертуге арналған техникалық шарттар (жаңа суарау алаңдары немесе су пайдаланушы үшін);

құқық белгілейтін құжаттар – көшірмелер (салыстыру үшін түпнұсқалар):

жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы мәлімет немесе объектіге құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі (жылжымайтын мүлікке меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, пайдалану, несие, мүлікті сенімгерлік басқару шарты);

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі;

басшыны тағайындау (лауазымға кірісу) туралы бұйрықтың көшірмесі;

жарғы немесе құрылтай құжаттарына соңғы енгізілген өзгерістер туралы мәліметтің көшірмесі;

заңды тұлғаның басшысының немесе заңды тұлғаның өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және сенімхат;

жеке деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісім;

банктік деректемелері;

алдыңғы шарт (бар болған жағдайда) бойынша қызметтердің құнын толық төлеу туралы төлем құжаттары.

2) жеке тұлғалар үшін:

осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес өтініш;

су тұтынушының тұтынатын қондырғыларын реконструкциялауға немесе кеңейтуге байланысты және бұрын қолданыстағы техникалық шарттарға сәйкес келмейтін объектіні қосуға, бұрын қосылмаған объектіні желілерге қосуға, сыртқы жабдықтау схемасын өзгертуге арналған техникалық шарттар (жаңа суарау алаңдары немесе су пайдаланушы үшін);

құқық белгілейтін құжаттар – көшірмелер (түпнұсқалар салыстыру үшін):

жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы мәлімет немесе объектіге құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі (жылжымайтын мүлікке меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, жер актісі, пайдалану, несие, мүлікті сенімгерлік басқару шарты);

дара кәсіпкер ретінде қызметті бастағаны туралы хабарламаның көшірмесі;

жеке тұлғаның немесе жеке тұлғаның өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және сенімхат;

жеке деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісім;

алдыңғы шарт (бар болған жағдайда) бойынша қызметтердің құнын толық төлеу туралы төлем құжаттары.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 22.08.2025 № 210-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Құжаттар толық болған жағдайда шарт жасалған және қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде су тұтынушыға беріледі.

11. Су пайдаланушы реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың шарттарын тіркеу журналын жүргізеді, ол нөмірленеді және тігіледі.

12. Шарт жасасу кезінде оған шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай қосымшалар жасалады:

1) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларының актісі немесе екі тарап қол қоятын теңгерімдік тиесілікті бөлу актісі;

2) су тұтынудың үлестік нормаларын ескере отырып, көрсетілетін қызметтер көлемін есептеуі.

13. Пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы тараптардың келісімімен белгіленеді. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиесілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді.

14. Су пайдаланушы мен су тұтынушы шаруашылықаралық, шаруашылықішілік ирригациялық жүйелер, каналдар, су шаруашылық құрылысжайларда олардың қалыпты техникалық жай-күйін әрқайсысы өзінің пайдалану жауапкершілігі немесе баланстық тиістілік шекаралары шегінде қамтамасыз етеді, олар мынадай талаптарды қамтиды:

1) жыл ішінде жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізу;

2) вегетациялық, жазғы және қысқы кезеңге дайындау жөніндегі іс-шаралар;

3) жөндеу және профилактикалық жұмыстарды тұрақты негізде жүргізу және тұтастықта және тиісті техникалық жағдайда ұстауды қамтамасыз ету;

4) аварияларды жою;

5) апаттылықты, судың техникалық және тікелей ысыраптарын, сондай-ақ оны ұтымсыз пайдалануды азайту жөніндегі іс-шаралар;

6) жүргізілген жұмыстардан кейін бұзылған абаттандыруды қалпына келтіру.

15. Суармалы жерлер азаматтық нормаларына сәйкес жаңа су тұтынушыға берілген кезде жаңа су тұтынушы осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, пайдалану құқығы берілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде су пайдаланушыға шарт жасасуға өтініш жасайды.

16. Су пайдаланушы шартпен бірге жаңа тұтынушыға пайдалану жауапкершілігін бөлу шекаралары туралы жаңартылған актіні немесе баланстық меншікті бөлу туралы актіні және су тұтынудың үлестік нормаларын ескере отырып (оның ішінде егіс дақылын ауыстыру кезінде) қызметтер көлемін есептеуін береді.

17. Алдыңғы су тұтынушы суармалы жерлердің жаңа су тұтынушысы өзгерген (берген) күніне есепке алу аспаптарының (өлшеу құралдарының) көрсеткіштері бойынша не су тұтынудың үлестік нормалары бойынша айқындалған суармалы судың тұтынылған көлемі үшін түпкілікті есеп жүргізеді.

Меншік иесі өзгерген, иесі өзгерген кезде бұрын берілген техникалық шарттарды қайта ресімдеу жүргізілмейді.

18. Су тұтынушыларды реттеліп көрсетілетін қызметтерге қосуға техникалық шарттар беру Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларымен Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 84-НҚ бекітілген бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 36054 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

19. Жүргізген іс-әрекеттер туралы және тексеру кезінде қызметтерді пайдалану тәртібін бұзу фактілері, суармалы судың негізсіз жоғалуы анықталғанда су пайдаланушымен су тұтынушылардың қатысуымен тараптар қол қоятын тиісті акт жасалады.

20. Ауызсудың, қоршаған ортаның ластануына, жасанды құрылысжайлардың, каналдардың жұмысының бұзылуына әкеп соғуы және халықтың денсаулығына нұқсан келтіруі мүмкін шаруашылықаралық, шаруашылықішілік каналдарда және шаруашылықішілік суару жүйелерінде, су шаруашылығы құрылысжайларында, пайдалану жауапкершілігі шекаралары бөлімі шегінде пайдаланылатын барлық зақымданулар немесе ақаулар туралы су тұтынушы су пайдаланушыға хабарлайды.

21. Қосалқы тұтынушылар су тұтынушының келісімімен тікелей су пайдаланушымен шарт жасасады.

Су тұтынушы қосалқы тұтынушыны суармалы сумен қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндігі болған кезде қосалқы тұтынушының шаруашылықішілік суару жүйелеріне, каналға қосылуына және қосалқы тұтынушының су пайдаланушымен шарт жасасуына кедергі келтірмейді.

22. Су пайдаланушының техникалық талаптарын бұза отырып немесе олар болмаған кезде қосылған су тұтынушылардың су құбыры жүйесін (канал, құбыржолы), сондай-ақ шарт жасасу мерзімі өткеннен кейін көрсетілетін қызметтерге шартсыз

пайдаланылатын су тұтынушы – заңды тұлғалардың су құбыры жүйесін (канал, құбыржолы) пайдалануға жол берілмейді.

23. Жіберілген қызметтің саны өлшеу бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптарының не су пайдаланушы, не су тұтынушының өлшеу аспаптары мен қондырғыларының көрсеткіштері бойынша бөлу нүктесінде айқындалады.

24. Қызмет көрсетуді су пайдаланушының және су тұтынушының бірлескен бақылауымен тәуліктің келісілген мерзімінде, су пайдаланушының бақылау журналдарында тіркей отырып, үзіліссіз тәулік бойы режимінде жүргізіледі.

25. Есепке алу аспаптары болмаған кезде жіберілген суармалы судың мөлшері су тұтынудың үлестік нормаларын ескере отырып, есептік жолмен айқындалады.

Бұл ретте шаруашылық ішілік каналдар бойынша су ысырабының көлемі су тұтынушылар арасында олардың суармалы жер учаскелерінің аудандарына пропорционалды түрде бөлінеді.

26. Су тұтынушының кінәсінен емес есептің уақытша бұзылуы кезінде қызметтер үшін есеп алдыңғы есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығысы немесе су тұтынудың үлестік нормалары бойынша жүргізіледі.

Мұндай жағдайда есепке алуды соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап бұзушылық анықталған немесе жойылған сәтке дейінгі кезең есептік кезең болып есептеледі.

27. Су тұтынушының суаратын суды өз бетінше пайдалануына жол берілмейді. Тұтынушы өз бетінше су пайдалану кезінде нақты дақылға егіс алаңы мен су тұтынудың үлестік нормалары бойынша көлемін ескере және бекітілген тариф бойынша – 2 коэффициентін қолдана отырып, есептелген соманы төлейді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 22.08.2025 № 210-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Су тұтынушының кінәсінен көрсетілген қызмет көлемдерінің есебін бұзу фактілері анықталған жағдайда, су пайдаланушы соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ 1 (бір) айдан аспайтын мерзімге, тәулігіне 24 (жиырма төрт) сағат ішінде әрекет еткен кезде каналдың есепке алу торабына дейінгі толық өткізу қабілеттілігі есебінен қызметті тұтыну көлемдерін қайта есептеуді жүргізеді.

29. Су пайдаланушы есептік айдан кейінгі күнтізбелік айдың 15 (он бес) күніне дейінгі мерзімде тараптар қол қоятын орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ұсынады.

30. Шартқа қол қойылғаннан кейін су пайдаланушының келісімінсіз ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру түрін өзгертуге жол берілмейді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру түрі су пайдаланушының келісімінсіз бастапқы түрінен өзгерген жағдайда, нақты түрге келісілген су тұтынудың үлестік нормалары бойынша және – 1,5 коэффициентін қолдана отырып, белгіленген тариф бойынша көрсетілетін қызметтер көлемін қайта есептеу жүргізіледі.

31. Егіс алаңы бойынша даулы мәселелер туындаған жағдайда тараптар бірлескен өлшем жүргізеді, оның қорытындысы бойынша өлшеу актісі жасалады және тараптар қол қояды.

32. Су тұтынушының меншігіндегі ирригациялық желілерде (каналдарда) суармалы судың нормативтен тыс ағуын су пайдаланушы айқындайды және актіде су тұтынушының қатысуымен тіркеледі. Су тұтынушы актімен келіспеген жағдайда тараптар жергілікті атқарушы органдарға немесе сотқа жүгінеді.

33. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, су тұтынушының ирригациялық желілеріндегі (каналдардағы) суармалы судың ысыраптары олар мен қосалқы тұтынушылар арасында олардың су тұтыну үлесі, желінің (каналдардың) ұзындығы мен техникалық сипаттамасы бойынша бөлінеді.

34. Қызметтер көрсету бойынша су беру, сондай-ақ су беруді тоқтата тұру су тұтынушымен жасалған шартқа сәйкес жүргізіледі.

35. Су беру қызметтері бойынша толық тоқтату шартты бұзу кезінде жүзеге асырылады.

36. Қызмет көрсетуді тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) авариялық жағдайда не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнгенде;

2) су пайдаланушының каналдарына және ирригациялық жүйелеріне өз бетінше қосылғанда;

3) қарыз өтелгенге дейін есептік кезеңнен кейінгі бір немесе одан да көп ай ішінде қызметтер үшін ақы төленбегенде;

4) су пайдаланушы өкілдерін есепке алу аспаптарына не өлшеу аспаптары мен қондырғыларына жібермегенде;

5) су пайдаланушының анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі жазбаша талаптары орындалмағанда;

6) Қазақстан Республикасының су саласындағы және табиғи монополиялар саласындағы заңнамаларымен көзделген өзге де жағдайларда.

37. Осы Қағидалардың 36-тармағындағы 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда қызмет беру тоқтатылғанға дейін кемінде 15 (он бес) күн бұрын су тұтынушыға хабарланады.

Осы Қағидалардың 36-тармағындағы 1), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайда, қызмет көрсетуді су пайдаланушы қалпына келтіру және (немесе) туындаған бұзушылықтарды жойғаннан кейін жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 36-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, су тұтынушыны қайта қосу су пайдаланушының жүйелеріне өз бетімен қосылғаны үшін айыппұл төлегеннен кейін, су пайдаланушының жүйелеріне қосылуға техникалық талаптарды орындағаннан кейін және қосылу үшін төлем енгізгеннен кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде жүргізіледі.

Осы Қағидалардың 36-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін тұтынушыға көрсетілетін қызмет тоқтатылған жағдайда, қосу борышты өтегеннен кейін және қосылу үшін төлемақы енгізгеннен кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде жүргізіледі.

38. Су тұтынушыға рұқсат етілмейді:

- 1) су пайдаланушының келісімінсіз құрылысжайлар жүйелері мен есепке алу аспаптарын не өлшеу аспаптарын қайта жабдықтауға;
 - 2) қызметтерді есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға;
 - 3) су пайдаланушының келісімінсіз бастапқыда мәлімделген дақыл түрінің орналасу түрін өзгертуге;
 - 4) су пайдаланушының рұқсатынсыз каналдар мен ирригациялық жүйелерге қосылуға;
 - 5) мәлімделген көлемге және мерзімдерге сәйкес су қабылдамауға;
 - 6) суды өз бетінше алуға;
 - 7) қоршаған ортаны және су ресурстарын ластауға;
 - 8) көрсетілген қызмет көлемдерінің есебін бұзуға.
39. Су пайдаланушыға рұқсат етілмейді:

1) жосықсыз тұтынушылардың пайдаланған қызметтер көлеміне ақы төлемеуіне байланысты, адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудан бас тартуға;

2) ұсынылған қызметтер үшін уәкілетті орган белгілеген төлемнен асатын төлем алуға;

3) тиісті төлем құжаттарын ұсынбай су тұтынушыдан көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге;

4) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының талаптарына сай келмейтін, ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге тыйым салынады.

40. Осы Қағидалардың 38 және 39-тармақтарында көрсетілген бұзушылықтар тиісті актілермен ресімделеді және тараптар қол қояды.

41. Су пайдаланушылар мен су тұтынушылар арасында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 22.08.2025 № 210-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Суаратын суды пайдалану
қағидаларына қосымша
Су пайдаланушы

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда)
және лауазымы
Су тұтынушы

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған жағдайда)
немесе заңды тұлғаның атауы
Мекенжайы, телефоны, факс
және электрондық поштасы:

20__ жылғы "___" _____

Шарт жасасуға өтініш

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 22.08.2025 № 210-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден _____ каналының (каналдың атауы) километрiнен/пикетiнен, _____ су бөлу нүктесiнен, мынадай _____ ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін _____ текше метр көлемінде, жалпы алаң _____ гектар суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтері бойынша шарт жасасуыңызды сұраймын.

_____ (күні)

_____ (қолы)